


№17 жалпы білім беретін мектепте «Өмірге иә деп айт» тақырыбында 10 күндік іс-шара өтті. Осыған орай ақпан айының 13 күні 5 «Ә» сыныбына «Жүрек жақсылыққа ашылады» тақырыбында дәріс оқылды. Дәріс сабағын мектептің әлеуметтік педагогі Гүлшат Үсенова жүргізді.

Дәріс сабағы «Жақсылық» ұғымының адамгершілік құндылықтары ретіндегі мәнін ашу, оқушыларды өзін және айналасын сүйуге, жақсы көруге деген ниеттерін ояту, айналасындағыларға, қоршаған ортаға, табиғатқа деген қамқорлық, жақсылық сезімдерін қалыптастыру және дамыту мақсатында ұйымдастырылды. Сондай-ақ өзара достық, жақсылық ұғымдары жөнінде түсінік беру. Адам бойындағы құнды қасиеттер туралы

түсініктерін кеңейту; өзін және айналасын сүйуге, жақсы көруге деген ниеттерін ояту; қоршаған ортаға жақсылық жасай білуге тәрбиелеу.

Шара оқушылар мен сәлемдесіп, көңіл-күйін сұраудан басталды. Оқушыларға тақырыптың мазмұны түсіндірілді. Сондай-ақ оқушылар досына тілектерін білдіріп, жақсы көретін досы екендігін айтып ашық хаттар берді. Оқушыларға арнап үстел үстіне әріптер жазылған карточкалар қойылды. Әрбір оқушы

Жүрек жақсылыққа ашылады



өзі таңдаған әріпті пайдаланып өз анасына теңеу айтты. Мысалы: «А» әріпі болса «Анашым сіз

сондай әдемісіз. Дәріс сабағында оқушыларға: жақсылық жасау деген не? жақсы адамның бойында

қандай қасиеттер болады? жақсылық жасау адамдарды қандай қуанышқа бөлейді деп ойлайсың? - деген сұрақтар қойылды. Оқушылар: жақсылық жасау - адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі, жақсы адам қол ұшын беруге, жәрдем етуге, жанашырлық танытуға, қолдау жасауға әрдайым дайын тұрады. Жақсы адамның бойында - жанашырлық, мейірімділік, адамгершілік, жылы жүрегі болуы керек. Жақсылық жасау адамдарды бір-біріне жақындастырады, достастырады.

Мадина АЛТЫНГҮЛ.